“Қарлығаш” бөбекжай-балабақшасы”

# Тақрыбы: “Тіл менің тірегім-тілге құрмет”

Ақбастау ауылы -2025ж

# Тақырыбы: Тілім менің тірегім –тілге құрмет.

Мақсаты: Балаларды ана тілінің қасиетін сезінуге,мәртебесін көтеруге баулып,танымдылық қабілетін арттыру.Тілді құрметтей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: плакаттар, слайд Пәнаралық байланыс:Тіл дамыту,көркем әдебиет,ән-күй Әдіс-тәсілдер:аралас, түсіндіру, сұрақ-жауап.

Тәрбиеші: Балалар,бүгін ерекше күн екен.Біздің сабағымызға көптеген қонақтаркеліп отыр.Олай болса,балалар,қонақтармен амандасып алайық.

Арайлап таң атты, Алтын шуақ таратты.

Қайырлы таң, балалар! Қайырлы таң, апайлар!

Балалар біз бәріміз бір үйдің балаларындай

тату-тәтті доспыз.

Қане,бір-бірімізге деген достығымызды нығайту үшін жақсы тілектер айтайықшы.

Балалар: Күніміз жарық болсын. Аспанымыз ашық болсын. Деніміз сау болсын.

Еліміз тыныш болсын. Досымыз көп болсын. Балабақшамыз жайнап тұрсын. Нанымыз көп болсын.

Тәрбиеші: Ия,балалар,осындай жақсы көңіл-күйімізбен орындарымызға жайғасайық. Тәрбиеші: Жарайсыңдар,балалар.Олай болса ерекше күн деп есептеп,тақырыбымызды «Тіл-тірегіміз,соғып тұрған жүрегіміз»,-деп бастайық.

Мақсатым балаларды ана тілінің қасиетін сезінуге, мәртебесін көтеруге баулып,танымдылық қабілетін арттыру.Тілді құрметтей білуге тәрбиелеу.

Ғажайып сәт. Есік қағылып,ішке шет мемлекеттен қонақ келді.Ол біздің елімізге ұшақпен жетіпті.Оның арманы біздің еліміз туралы көп білгісі келеді екен.

-Сәлеметсіңдер ме балалар?

-Балалар,бұл қай мемлекет?

-Қазақстан Республикасы

-Бұл мемлекеттің бас қаласы қай қала? -Астана қаласы -Мен сендердің мемлекеттерің туралы толығырақ білсем деп отырмын.Сендер маған көмектесесіңдер ме?

**Аянур:**

Қазақстан халқының,

Қазақ тілі тірегі.

Ана тілде айтылар,

Әнұраны жүрегі

— Жарайсыңдар,балалар,рахмет сендерге.Мен сендерден көп нәрсе біліп алдым,көп нәрсе біледі екенсіңдер.Енді маған рұқсат мен кетейін.Сау болыңдар!

Тәрбиеші: «Мақал-сөздің мәйегі» демекші туған тілімізге қатысты тіл өнеріне байланысты мақал мәтелдер айтайық.

**Еркеназ:**

Тіл тасжарады, Тас жармаса бас жарады.

Билол: Ойнап сөйлесең де Ойлап сөйле.

**Мансұр:**

Сөз сүйектен өтеді,

Таяқ еттен өтеді.

Жалғас:

Өнер алды — қызыл тіл.

**Айсұлтан:**

Жақсы сөз – жарым ырыс.

Тәрбиеші: Халқымыз қашанда тіл өнеріне,шешендікке зор мән берген. Атақты билер,ақындар мен жыраулар ұйқастыра өлеңдетіп жырлаған. Қазақ халқының атақты үш биі тіл туралы сөз айтқан.

Төле би: Әр бір тілде сөйле әлемді таң қылып, Ана тілін білмеу қандай заңдылық.

Өсер бабаң, байтақ далаң тұрғанда Қазақ тілі жасау керек мәңгілік.

Қазыбек би: Жетер енді әркімге бір ермейік, Қазақ болсаң құлашты бір сермейік.

